Анықтама

Тақырыбы: Ыстық тамақты ұйымдастыруды және білім алушыларды ыстық тамақпен қамтуды бағалау

Мақсаты:

Мектеп асханасында ыстық тамақтың ұйымдастырылу сапасын, оқушылардың қамтылу деңгейін және санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалау. Оқушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету, аз қамтылған және көпбалалы отбасылармен жұмысты ұйымдастыру, әлеуметтік көмек пен қолдауды үйлестіру.

Бақылау формасы: құжаттық және ауызша (әңгімелесу, талдау) бақылау.

Тексеру мерзімі: 2 -30 қыркүйек 2026жыл

Жауаптылар: әлеуметтік педагог Кулманова А.К. Еркембек Ұ.А.

Атқарылған жұмыстар:

Құжаттық жұмыс 2026-2027 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтың жылдық және айлық жоспары жасалып бекітілді. Оқушылардың әлеуметтік паспорттары жаңартылды, (тегін тамақтанатын, аз қамтылған, көпбалалы,қамқоршылықтағы және толық емес отбасылыр тізімі). Мектеп асханасында ыстық тамақ беру үдерісі жүйелі түрде ұйымдастырылған. Асхана бөлмесі жарық, кең, таза және желдетілуі жақсы. Қызметкерлер санитарлық нормаларға сай арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Күн сайынғы ас мәзірі мектеп әкімшілігі мен медициналық қызметкер тарапынан бекітіліп, тағамдар балалардың жас ерекшелігіне сай дайындалады.Тағамның сапасы мен температурасы талаптарға сәйкес. 1-4 сыныптар күнделікті асханада ыстық тамақпен қамтамасыз етілген және 5–11 сыныптар арасында әлеуметтік санаттағы оқушылар (яғни аз қамтылған, көпбалалы, камкоршылықтағы және толық емес отбасы) **47 оқушы ыстық тамақпен қамтылған**. Оқушылардың тамақтануы уақтылы және ретімен жүргізіледі. Асханаға оқушылар FACE ID апараты бойынша тіркеліп кіреді. Асханада тегін тамақтанатын оқушылардың тізімін бақылап тамақтану журналына тіркеліп отырады. Жалпы алғанда, ыстық тамақ ұйымдастыру сапасы **жақсы деңгейде** деп бағаланады.

Қорытынды: Мектепте ыстық тамақ ұйымдастыру жұмысы талапқа сай жүргізіліп отыр. Асхана санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтайды, тағам сапасы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген. Асхана қызметкерлері өз міндеттерін жауапкершілікпен орындайды.

Ұсыныстар:

1. Тағам сапасын және санитарлық тазалықты тұрақты бақылауда ұстау;
2. Әлеуметтік санаттағы оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды жалғастыру;
3. Ас мәзірін маусымдық тағам түрлерімен толықтыру.

Анықтама жазған:

Әлеуметтік педагог Кулманова А.К. Еркембек Ұ.А.